

МАЭК

«МАЭК» ЖШС КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ



БН-350 РҚ ардагерлері марапатталды

2




Рабочий визит в Израиль

3



Құрметпен құрметті демалысқа

5



34 года со дня вывода советских войск из Афганистана

6-7



Германиядан келген қонақтар

7-8

Қымбатты ұжым арулары!

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Табиғат әйелдерге теңдесі жоқ әсемдік пен сарқылмайтын күш-қуат, рухани нәзіктік пен шексіз адалдық, өмірлік даналық пен таңғажайып шыдамдылық берді. Сіз кәсіпорында халық игілігі үшін еңбек етіп, қоғамдық жұмыстар да атқарып, балаларды да тәрбиелеп, отбасы ошағының да ұйытқысы болып отырсыз. Қанша жауапкершілікті аркалап жүрсеңіз де жан-жағыңызға шуақ шашып,

әрқашан жас және әдемі қалпыңызда қала бересіз.

Сіздерге төл мерекеңізде зор денсаулық, мәңгілік махаббат, жанұя бақытын тілеймін! Әр таңдарыңыз арайлап атып, күндеріңіз жақсылықпен жалғассын! Көгілдір көктем күндері сіздерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, көп қуаныш ала келсін!

«МАЭК» ЖШС
Бас директоры
Жасұлан Сүйіншәлиев


Дорогие женщины!

В преддверии Международного женского дня примите искренние поздравления с весенним праздником 8 марта!

Природа наделила женщин несравненной красотой и неиссякаемой энергией, душевной нежностью и беззаветной преданностью, жизненной мудростью и удивительным терпением. Вы храните семейный очаг, воспитываете детей, добиваетесь успехов в профессиональной и общественной деятельности, оставаясь при этом всегда молодыми и прекрасными.

Пусть сбываются все ваши надежды и мечты. Каждый день будет озарён счастливой улыбкой, а вместе с ароматом весенних цветов в вашу жизнь войдут радость и благополучие. Желаю вам доброго здоровья, любви, поддержки близких. Пусть взаимопонимание и согласие, спокойствие и радость всегда сопутствуют вам!

Генеральный директор
ООО «МАЭК»
Жасұлан Суюнчалиев



БН-350 РҚ ардагерлеріне марапаттар тапсырылды



«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом компаниясының 25 жылдығы аясында «МАЭК» ЖШС БН-350 РҚ-да ұзақ жыл еңбек еткен атом өнеркәсібі саласының ардагерлері «Қазатомөнеркәсіп «ҰАК» АҚ-на 25 жыл» мерейтойлық белгілерімен марапатталды. 2003 жылдан 2019 жылға дейін Маңғыстау энергокомбинаты уран өндіру және сату бойынша көшбасшы болып табылатын «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК құрамында болды. Осыған байланысты энергетикалық кәсіпорында еңбек еткен атом өнеркәсібінің 24 ардагері ұлттық атом компаниясының жоғары марапаттарына ие болды.

Ардагерлерге төс белгілерін Бас директорың өндіріс және БН-350 РҚ бойынша бірінші орынбасары Мұрат Иғалиев табыстады.

Кездесу барысында атом өнеркәсібінің ардагерлері өздерінің комбинатта еңбек еткен жылдарын, қандай маңызды, тарихи жұмыстар жүзеге асырылғанын еске алды, «МАЭК» ЖШС қызметкерлері мен басшылығына кәсіпорынды жаңғырту жөніндегі жоспарлары сәтті жүзеге асып, табысты болсын деген тілегін арнады.

«Сіздерге Қазақстанның атом энергетикасының қалыптасуы мен дамуына қосқан зор үлесіңіз, көп жылғы еңбегіңіз үшін алғыс айтамыз. Бүгінде біздің еліміз уран өндіру бойынша әлемде көшбасшы орында тұр. Сіздердің Маңғыстаудағы атом өнеркәсібінің қалай басталғанын әлі күнге дейін есте сақтап, бізге тарихи деректермен әңгімелеп отырғаныңыздың өзі қуантады. Құрметті демалысқа шықсаңыздар да сіздер реактор қондырғысын пайдаланудан шығару мәселелеріне қызығушылық танытып, осы саланың ардагерлері ретінде бізге үнемі ақыл-кеңес беріп отырсыздар. Сол үшін Сіздерге үлкен рахметімді арнаймын, зор денсаулық, амандық және ұзақ ғұмыр тілеймін», - деді БН-350 РҚ директоры Марат Молдағұлов.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК 25 жылдығына орай марапатталған ардагерлер/Награды «25 лет АО «НАК «Казатомпром» были вручены:

1. Алымов Михаил Федорович
2. Бетин Александр Иванович
3. Белобородов Анатолий Михайлович
4. Баландин Александр Сергеевич
5. Вялая Екатерина Никитична
6. Выборных Виктор Васильевич
7. Воронков Юрий Николаевич
8. Войтович Семен Семенович
9. Грачева Валентина Константиновна
10. Измайлов Бегенч Хаджиевич
11. Илясов Нураддин Энверович
12. Квиташ Анатолий Михайлович
13. Коршунова Алла Ивановна
14. Князева Людмила Ивановна
15. Монахов Владимир Анатольевич
16. Первунин Георгий Филиппович
17. Петриченко Борис Александрович
18. Петухов Анатолий Николаевич
19. Сюваткин Юрий Михайлович
20. Стафурин Владимир Сергеевич
21. Сорокин Виктор Павлович
22. Стародубов Юрий Васильевич
23. Тропин Владимир Александрович
24. Шульц Александр Оттович

Вручение отраслевых наград

В рамках 25-летия компании «Казатомпром», являющейся лидером по добыче и продаже урана, в ТОО «МАЭК» состоялось награждение юбилейными знаками «25 лет АО «НАК «Казатомпром» ветеранов атомной промышленности. С 2003 по 2019 годы Мангистауский энергокомбинат являлся составной частью НАК «Казатомпром». В связи с этим 24 ветерана атомной промышленности, проработавшие долгие годы на энергопредприятии, были удостоены высоких наград Национальной атомной компании.

Отраслевые медали вручал Первый заместитель генерального директора по производству и РУ БН-350 Мурат Иғалиев.

В ходе встречи ветераны атомной промышленности бурно

вспоминали яркие страницы своей трудовой деятельности на энергокомбинате и пожелали самоотверженного и упорного труда работникам и руководству ТОО «МАЭК».

«В свою очередь благодарим Вас за многолетний труд, огромный вклад в становление и развитие атомной энергетики Казахстана. Сегодня наша страна занимает лидирующие позиции в мире по добыче урана. Отрадно, что каждый из вас до сих пор помнит, как все начиналось. И сегодня, вы продолжаете интересоваться вопросами вывода из эксплуатации реакторной установки, консультируете нас, как ветераны данной отрасли, по отдельным вопросам. Желаем вам крепкого здоровья, благополучия и долгих лет», - сказал директор РУ БН-350 Марат Молдағұлов.



МАЭК мамандарының Израильге сапары



Соңғы жылдары Ақтау қаласының көлемі кеңейіп, жаңа шағын аудандар мен жаңа тұрғын үйлер бірінен соң бірі бой көтеруде. Соған орай қалада тұтынушылардың да саны артып, су, жылуға қажеттілік ұлғайды. Жылдар бойы жұмыс істеп, ескірген қондырғылардың бұл сұранысты толық қамтуы мүмкін емес екені белгілі. Сол себепті кәсіпорынның өндірістік әлеуетін көтеріп, жаңа қондырғылар орнату мақсатында кешенді жұмыстар қолға алынууда.

Жақында Қазақстанның Израильдегі елшісі Сатыбалды Бұршаков суды тазарту саласындағы әлемдік көшбасшылардың бірі болып табылатын «IDE Technologies» израильдік компаниясына іссапармен барып, жұмысымен танысты. Кездесуде компанияның вице-президенті Михаел Трэмер қазақстандық дипломатты компанияның су тұщыту қондырғылары мен өнеркәсіптік су тазарту құрылыстарын жобалау, салу және пайдалану жөніндегі мүмкіндіктерімен таныстырды. Осы келіссөздердің нәтижесінде «Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» ЖШС (МАЭК) делегациясының Израильге сапары ұйымдастырылды.

Компания басшылығымен кездесуде тараптар теңіз суын тұщыту



технологиялары саласындағы ынтымақтастықты дамытуға қызығушылық білдірді, сондай-ақ тұщыту қондырғыларын пайдалану бойынша тәжірибелерімен алмасты. Қазақстандық делегация кері осмос технологиясы бойынша жұмыс істейтін Хадера қаласындағы «IDE Technologies» тұзсыздандыру кешенінің өндірісімен танысты.

Кездесу барысында «МАЭК» ЖШС Бас директорының орынбасары А.Үйкекбаев израильдік компаниядан бұдан бұрын сатып алынған тұщыту қондырғыларын пайдалану кезіндегі он тәжірибелерді атап өтті. Өз тарапынан израильдік компания Маңғыстау облысы әкімдігінің жобасы бойынша халықтың мұқтаждықтары үшін қуаттылығы тәулігіне 24 мың м³ ауыз су тұщыту жабдығын жеткізуді ұйымдастыруға ниет білдірді. Тараптар өзара тиімді қарым-қатынастарды одан әрі де жалғастыруға келісті.

Қазіргі уақытта «МАЭК» ЖШС аумағында екі су тұщыту қондырғысын салу үшін республикалық бюджеттен қаржы бөлу мәселесі шешілуде. Құрылысты 2023-2024 жылдары жүзеге асыру жоспарлануда.

С рабочим визитом в Израиль



В последние годы Ақтау стремительно развивается, один за другим возводятся новые микрорайоны, жилые комплексы. В городе увеличилось количество жителей, соответственно, возросла потребность в воде и теплоснабжении. На сегодняшний день обеспечение областного центра питьевой водой решает в основном энергокомбинат, большой процент оборудования которого, за годы эксплуатации, изношено. Сейчас ведутся комплексные работы по повышению производственного потенциала предприятия.

Недавно посол Казахстана в Израиле Сатыбалды Буршаков посетил и ознакомился с работой израильской компании «IDE Technologies», которая является одним из мировых лидеров в области решений по очистке воды. На встрече вице-президент компании Михаел Трэмер ознакомил казахстанского дипломата с возможностями компании по проектированию, строительству и эксплуатации опреснительных установок и промышленных водоочистных сооружений.

В продолжении состоявшихся переговоров был организован визит в Израиль делегации ТОО «МАЭК». На встрече с руководством



«IDE Technologies» стороны выразили заинтересованность в развитии сотрудничества в сфере технологий опреснения морской воды, а также обменялись опытом по эксплуатации опреснительных установок. Казахская делегация ознакомилась с производством опреснительного комплекса «IDE Technologies» в городе Хадера, который работает по технологии обратного осмоса.

Заместитель генерального директора ТОО «МАЭК» Аян Уйкекбаев отметил положительный опыт эксплуатации ранее приобретенных опреснительных установок израильской компании. Израильская компания выразила намерение организовать поставку опреснительного оборудования мощностью 24 тысяч м³/сутки питьевой воды для нужд населения по проекту акимата Мангистауской области.

В настоящий момент решается вопрос выделения финансовых средств из республиканского бюджета на строительство двух опреснительных установок на территории ТОО «МАЭК». Строительство планируется осуществить в 2023-2024 гг.

Кәсіподақ ұйымында жаңа басшы



20 ақпанда «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» жергілікті кәсіподағы» ҚБ есептік-сайлау конференциясы өтті, оған 900-ден астам кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін білдіретін 94 делегат қатысты.

Конференция делегаттары «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖК» Қоғамдық бірлестігінің басшысы Ольга Шабунинаның 2022 жылғы кәсіподақтың атқарған жұмыстары туралы баяндамасын тыңдады. Ол өз баяндамасында өткен жылы 5 жыл мерзімге Ұжымдық шарт жасалғанын, онда қосымша жеңілдіктер қарастырылғанын атап өтті. Шарт бойынша қызметкерлерге жақын туыстары қайтыс болуына байланысты жалақысы сақталатын 3 күнгізімді ақылы демалыс, 1-сыныпқа баратын баланың ата-анасына 1 қыркүйек күніне жалақысы сақталатын демалыс, сондай-ақ, әйелдерге жүктілік бойынша емханаға есепке тұру үшін жалақысы сақталатын 3 жұмыс күні беріледі, сонымен қатар, мерекелік күндерге және еңбек демалысы кезінде сауықтыруға біржолғы төлем жасалатын болды.

Ольга Григорьевна Ұжымдық шарттың талаптары толығымен орындалатынын атап өтті. Туындаған мәселелерді талқылау және әділ шешімдер шығаруға атсалысу үшін Жергілікті кәсіподақтың кәсіпорынның Қоғамдық кеңесінің құрамына кіруі маңызды. Шабунина қатысушыларды 2023 жылға арналған жұмыс жоспарларымен таныстырды. Делегаттарды кәсіподаққа жаңа мүшелер тарту жөніндегі жұмысты жалғастыруға,

комбинаттың мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларына белсенді қатысуға шақырды.

«Осы жылдар ішінде бөлімшелердегі кәсіподақ комитеттерінің төрағалары және барлық кәсіподақ мүшелері белсенді жұмыстар атқарды. Атқарылған жұмыстарымыздың нәтижелі болуы да сіздердің ұйымшылдық пен біріккен іс-қимылдарыңыздың арқасы. Сондықтан, сіздерге мені үнемі қолдап, көмекші болғандарыңыз үшін алғыс айтамын», - деді Ольга Григорьевна.

Конференцияға қатысушылар кәсіподақтың 2022 жылғы жұмысын қанағаттанарлық деп тапты. Бұдан әрі «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖК» ҚБ жаңа төрағасын сайлау өтті. Делегаттардың ашық дауыс беру нәтижелері бойынша (92-қолдады, 2-қарсы) ЖЭО-2 Материалдық-техникалық жабдықтау және шаруашылық қызметінің басшысы қызметін атқарған Мұрат Ізбаев кәсіпорынның жергілікті кәсіподағының төрағасы болып сайланды.

«Баршаңызға қолдауларыңыз бен сенім үшін алғыс айтамын. Жергілікті кәсіподақтың игілігі үшін бірге жұмыс істейтін боламыз», - деді Мұрат Ізбаев.

Есеп беру-сайлау конференциясына арнайы келіп қатысқан «Қазақстан энергетиктерінің салалық кәсіподағы» ҚБ атынан Мұрат Мұртазин МАЭК жергілікті кәсіподағының жаңа төрағасына естелік сыйлық ұсынып, кәсіпорын қызметкерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау ісінде табыс тіледі.

Конференция жұмысына «МАЭК» ЖШС Аппарат басшысы Алпысбай Таубаев, ДДСҰ директоры Роза Күзенбаева қатысты.



Отчитались о проделанной работе



20 февраля состоялась отчетно-выборная конференция ОО «Локальный профсоюз «МАЭК-Казатомпром», в которой участвовали 94 делегата, представляющие интересы более 900 членов профсоюза. В работе конференции также приняли участие представитель ОО «Казэнергопрофсоюз» Мурасат Муртазин, руководитель аппарата ТОО «МАЭК» Алпысбай Таубаев, директор ДУЧР Роза Кузенбаева.

Делегаты конференции заслушали доклад руководителя ОО «ЛП «МАЭК-Казатомпром» Ольги Шабунинной о работе профсоюза за 2022 год. В своем отчете она отметила, что в прошлом году был заключен коллективный договор сроком на 5 лет, в котором предусмотрены дополнительные льготы:

- 3 календарных оплачиваемых дня отпуска с сохранением заработной платы в связи со смертью близких родственников;
- дополнительно выходной день 1 сентября с сохранением заработной платы родителям ребенка, идущего в 1 класс;
- 3 рабочих дня с сохранением заработной платы женщинам, чтобы встать

на мед.учет в поликлинику по беременности;

- единовременная выплата к праздничным датам и на оздоровление.

Ольга Григорьевна подчеркнула, что условия коллективного договора полностью выполняются. Немаловажным является вступление локального профсоюза в состав Общественного совета предприятия для совместных действий по обсуждению и поиску решений имеющихся вопросов. Шабунина ознакомила присутствующих также с планами на 2023 год. Призвала делегатов продолжать работу по привлечению новых членов профсоюза, принимать активное участие в культурно-массовых и спортивных мероприятиях комбината.

«Наша деятельность многогранна, насыщена и интересна. Все, что мы делаем – результат активной работы всех председателей профкомов и всего профсоюзного коллектива», - подытожила Ольга Григорьевна.

Участники конференции признали работу профсоюза в 2022 году удовлетворительной. Далее состоялись выборы нового председателя ОО «ЛП «МАЭК-Казатомпром». По результатам открытого голосования делегатов (92-за, 2-воздержались) им стал Мурат Избаев, занимавший должность начальника БМТС и АХЧ ТЭЦ-2.

«Благодарю всех за поддержку и доверие. Будем работать вместе на благо нашего локального профсоюза», - сказал Мурат Избаев.

По завершении работы отчетно-выборной конференции Мурасат Муртазин от лица ОО «Казэнергопрофсоюз» преподнес памятный подарок новому председателю локального профсоюза «МАЭК-Казатомпром» и пожелал успехов в деле защиты прав и интересов работников энергопредприятия.



Құрметпен құрметті демалысқа



МАЭК» ЖШС басшылығы соңғы үш жыл бойы «МАЭК - Қазатомөнеркәсіп» «Жергілікті кәсіподағы» Қоғамдық бірлестігін басқарған Ольга Шабунинаны құрметті демалысқа шығарып салды.

Ольга Григорьевна 1983 жылы

өзінің еңбек жолын ЖЭС бөлімшесінде экономист болып бастады. Кейін ЖЭО-2-ге ауысып, зауытта барлығы 40 жыл еңбек етті.

«МАЭК мен үшін әрқашан екінші үйім болды десем артық айтқандығым емес. Комбинаттың мен үшін алар орны өте ерекше

және менің ең сүйікті ұжымым да осында, - дейді Ольга Шабунина, - бір кездері ата-анам мен жұбайым Сергей Шабунин де осы комбинатта қызмет жасады, қазірде ұлым Юрий БН-350-де еңбек етуде. Мен осында өткен жылдарымды үнемі ыстық лебізбен еске алатын боламын. Енді менің өмірімде жаңа кезең басталмақ, немерелеріме қарауға, олардың жетістіктеріне қуануға көбірек көңіл бөлетін боламын.

«МАЭК» ЖШС-нің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен өркендеуіне қосқан елеулі үлесі үшін Ольга Шабунина Алғыс хатпен марапатталды.

- Кәсіпорынның кәсіподақ өміріне немқұрайлы қарамай белсенді әрі жемісті қызмет атқарғаныңыз үшін алғыс айтамыз. Сізге зор денсаулық пен амандық тілейміз», - деді «МАЭК» ЖШС Бас директоры Жасұлан Сүйіншәлиев.

Проводили с почетом



Руководство ТОО «МАЭК» проводили на заслуженный отдых Ольгу Шабунину, возглавлявшую ОО «Локальный профсоюз «МАЭК-Казатомпром» на протяжении

последних трех лет.

За плечами Ольги Григорьевны около 40 лет работы на комбинате. В 1983 году она начала свою трудовую деятельность на ТЭС в должности

экономиста. После перевелась на ТЭЦ-2.

«МАЭК для меня всегда был вторым домом. Это единственный и неповторимый, родной коллектив, - говорит Ольга Шабунина, - здесь когда-то работали мои родители и супруг Сергей Шабунин, на БН-350 продолжает трудиться сын Юрий. Хочу сказать, что этот отрезок жизни всегда буду вспоминать с теплотой, хоть и немного грустно. Сейчас наступает новый виток в моей жизни, появится больше времени присматривать за внуками, радоваться их достижениям».

За значительный вклад в социально-экономическое развитие и процветание ТОО «МАЭК» Ольга Шабунина была награждена благодарственным письмом.

- Благодарим Вас за активность и равнодушие к профсоюзной жизни предприятия, за плодотворную и качественную работу. Желаем крепкого здоровья и благополучия, - отметил генеральный директор ТОО «МАЭК» Жасулан Суюнчалиев.

Көп жылғы еңбегі үшін



«МАЭК» ЖШС басшылығы комбинатта ұзақ жыл еңбек еткен тәжірибелі маман Николай Самойловты салтанатты

түрде құрметті демалысқа шығарып салды.

Кәсіпорынның бас директоры Жасұлан Сүйіншәлиев Николай Александровичке өндірістегі еңбек жетістіктері, мінсіз қызметі, жоғары кәсібилігі және электр энергетикасы саласының дамуына қосқан жеке үлесі үшін Алғыс хат табыстады.

Николай Александрович өзінің еңбек жолын 1979 жылы ЖЭО-2-де слесарь-жөндеуші болып бастады. Өндірістік қызметтің барлық сатыларынан өтті. Соңғы бес жыл ЖЭО-1 бөлімшесінің директоры лауазымын атқарды.

«Осы жылдар ішінде маған қолдау білдіріп, тілектес болған қымбатты әріптестеріме ризалығым шексіз. Олар мен үшін нағыз дос және адал серік болды. Бүкіл саналы ғұмырым мен еңбек жолым осы кәсіпорында өтті. Ел игілігі үшін бірге қызмет еткен әріптестеріме Алғыс айтамын», - деді Николай Александрович.

Благодарность за многолетний труд



Руководство ТОО «МАЭК» торжественно проводили на заслуженный отдых одного из самых опытных сотрудников комбината Николая Самойлова.

Генеральный директор предприятия Жасулан Суюнчалиев вручил Николаю Александровичу благодарственное письмо за производственные достижения в труде, безупречную работу, высокий профессионализм и личный вклад в развитие электроэнергетической отрасли.

Свою трудовую деятельность Николай Александрович начал слесарем-ремонтником на ТЭЦ-2 в 1979 году. Прошел все ступени оперативной производственной службы. На протяжении последних пяти лет трудился в ТЭЦ-1 в должности директора.

«Спасибо моим дорогим коллегам, которые всегда были поддержкой и опорой, стали для меня настоящими друзьями и верными товарищами. Благодарю за дружную атмосферу в коллективе», - сказал Николай Александрович.

Ауғаннан қайтқан сарбаздар

Биыл КСРО әскерінің ауған жерінен шығарылғанына 34 жыл толды. 15 ақпан - Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылған және соғыс құрбандарын еске алу күнінде ардагерлер қала орталығындағы Ауған соғысы құрбандарына арналған ескерткіш жанында бас қосты. Жиналғандар жат елдің жұртындағы қанқұйлы соғыста мерт болған қаруластарын бір минут үнсіздікпен еске алып, ескерткішке гүл шоқтарын қойды. Он жылға созылып, талай жанға қайғы арқалатқан бұл соғысқа 22 000 қазақстандық аттанып, 924 сарбаз мерт болды, 1000 аса жауынгер мүгедек болып оралды, 21-і хабар-ошарсыз кетті. Ауған соғысына Маңғыстау облысынан 444 сарбаз аттанып, оның 8-і майдан даласында қаза болды.

Тағдыр талайымен шет ел асып, әскери борышын соғыста өтеуге тура келген 14 ауған соғысының ардагерлері бүгінде «МАЭК» ЖШС-де еңбек етуде. Олар кәсіпорынның түрлі бөлімшелерінде халық игілігі үшін қызмет етіп, кейінгі жауынгер тәлімгер болуда. Жыл сайын осы күні қалада өткізілетін еске алу шарасына ұжымдағы ауған соғысы ардагерлерін кәсіпорынның кәсіподақ ұйымы бастап барады.

Қымбатты ардагерлер, құрметті қала тұрғындары, біз бүгін осы ескерткіш басына өз әскери борышын шетелде атқарып жүріп қаза тапқан батыр жерлестеріміздің рухына құрмет көрсетіп, еске алу үшін жиналды. Олар ауған халқының бейбітшілігі үшін

интернационалдік жауынгерлік міндетін атқарған ержүрек азаматтар болатын. Сондықтан, соғыста қаза болған ерлердің ерлігіне тағзым етеміз. Әрқашан аспанымыз ашық, жерімізде тыныштық болсын!», - деді «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің басшысы Ольга Шабунина.

- Құрметті Ауған соғысының ардагерлері! Сіздер өздеріңіздің жауынгерлік борыштарыңызды адал атқарып, елге абыроймен аман-есен оралдыңыздар. Жат жердегі қырғи қабақ соғыста көз жұмған ағаларымыздың рухына бас иіп, құрмет көрсетеміз. Ендігі жерде ұрпағымыз ондай сұмдықтарды көрмесін, жауынгерлеріміз өз еліміздің тәуелсіздігін қорғаушылар сапында болсын. Сіздердің отбасыларыңызға амандық, бақыт, денсаулық тілеймін», - деп тілек білдірді Ақтау қаласы әкімінің орынбасары Әбілқайыр Байпақов.

...Ал, ауған халқы үшін бейбітшілік әлі де орнай қоймады. Дамудың даңғыл жолына түсіп, еңселерін көтеріп, ұрпағына тыныш өмір сыйлау қарапайым халық үшін қол жетпес арманға айналғандай. Бірде іштен шыққан дұшпанмен, біресе сырттан келген терроршылармен соғысқан Ауғандықтар үшін елінде тыныштық орнату оңай болмай отыр... Иә, бейбітшілікті аңсаған елдің қайғы бұлты қайырылып, аспаны ашылғай!

Гүлбаршын Байназарова

Вспоминая подвиги героев



15 февраля в Актау прошел памятный митинг, приуроченный дню вывода ограниченного контингента советских войск из Республики Афганистан. Мероприятие, в котором приняли участие ветераны локальных войн и военных конфликтов, представители акимата и общественности областного центра, началось с торжественной церемонии возложения цветов к мемориалу «Вечный огонь» на бульваре Победы. Затем собравшиеся прошли к стеле воинов-интернационалистов, где после минуты молчания в память о



погибших, состоялось торжественное мероприятие, посвященное 34-ой годовщине со дня вывода советских войск из Афганистана.

Заместитель акима города Актау Абилкаир Байпаков искренне поздравил всех присутствующих и пожелал крепкого здоровья, счастья и благополучия.

С речью выступила и руководитель Общественного объединения «Локальный профсоюз «МАЭК-Казатомпром» Ольга Шабунина.

– Дорогие наши герои, уважаемые жители города, ежегодно в этот день мы собираемся здесь, чтобы отдать дань уважения подвигам наших земляков, мужественно и отважно выполнявших свой воинский долг. Сотни наших парней отдали свои жизни ради мира и сегодня мы собрались, чтобы почтить память воинов-интернационалистов. Желаю счастья, здоровья Вам и Вашим семьям, а также мирного неба нам всем. Разрешите поблагодарить Вас за героизм, – отметила Ольга Григорьевна.

По статистике, участниками боевых действий в Афганистане стали более 22 тысяч казахстанцев, более 1000 человек вернулись домой инвалидами, погибли 924. Сегодня в различных подразделениях энергокомбината трудятся 14 воинов-интернационалистов.

Перизат Нурина



Германиядан келген қонақтар



Маңғыстауға жұмыс сапарымен келген Германия елінің Нав Намбург университетінің оқытушылары жақында кәсіпорын мұражайында болып, кәсіпорын қызметімен, тарихымен танысты. Қонақтар барлық өмірлік ресурстарды өндіріп, бүкіл бір түбектің тіршілігін қамтамасыз етіп отырған Маңғыстау атом энергетикалық комбинатының жұмысына қызығушылық танытты.

Германия университеті оқытушыларының жұмыс сапары негізінен Актау қаласындағы Есенов атындағы Каспий университетімен байланысты. Өйткені, мұнда университет базасында инженерия саласындағы немістің озық тәжірибесін ұстанатын Қазақстан-Неміс инжиниринг институтын ашу

жоспарлануда. Осы оқу жылында «Көліктік логистика» және «Энергетикалық және экологиялық инжиниринг» мамандықтары бойынша алғашқы 50 студентті оқыту басталмақ. Олардың саны кезең-кезеңімен артатын болады. Студенттерді жергілікті және неміс оқытушылары оқытады.

2022 жылы құрылған консорциумның құрамына жеті неміс университеті кірген. Бұл бастаманың негізгі мақсаты - Есенов атындағы Каспий университетімен қабырғасында біздің өңірге қажетті мамандарды оқыту. Яғни, студенттер халықаралық университеттердің Актау филиалында шетелге шықпай-ақ оқитын болады. Бұл әлемдік деңгейде жас мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға әсер етеді деп күтілуде. Шетелдік университеттердің Актаудағы филиалдарын орналастыру өңір экономикасы үшін де тиімді болатыны сөзсіз.

Қазақстан-Германия университетінің президенті Волрад Роммельдің айтуынша, көктемде Есенов университетінің 20 оқытушысы немістің жоғары оқу орындарына - Берлин, Гамбург және Анхальт техникалық университеттеріне оқу тәжірибелік дайындықтардан өтуге аттанбақ. Дайындық үш айдан алты айға дейін созылады. Содан кейін жыл сайын осы кадрларды қайта даярлау жоспарлануда. Студенттерге Германия кәсіпорындарында өндірістік тәжірибе өткізуге де мүмкіндіктер жасалады.

Гости из Германии



В феврале музей энергопредприятия посетили гости из Германии – преподаватели университета HAW Hamburg. В рамках рабочей поездки в Мангистау они ознакомились с деятельностью энергокомбината, морского торгового порта, АО «МРЭК», а также достопримечательностями региона.

Основной целью посещения Актау немецкого профессорско-преподавательского состава является обучение специалистов, необходимых нашему региону. На базе Каспийского университета Есенова планируется открыть Казахстанско-немецкий институт инжиниринга, который будет следовать немецкому передовому опыту в области инженерии. Обучение 50 студентов должно начаться



уже в этом учебном году по двум специальностям «Транспортная логистика» и «Энергетический и экологический инжиниринг».

Еще в прошлом году в ходе заседания мажилиса Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев поручил к 2025 году открыть не менее пяти филиалов авторитетных зарубежных университетов в нашей стране. «Для построения новой экономики важно повышение конкурентоспособности вузов. В Казахстане начали открываться филиалы ведущих зарубежных университетов. При этом два филиала вузов с техническим уклоном, - было отмечено Токаевым, - необходимо открыть на западе страны».

Қош бол, қыс!



Кәсіпорында 20 ақпан күні Масленица мерекесі басталды. Бір аптаға созылған мейрам 26 ақпанға дейін жалғаласты. Бұл ежелгі заманнан бері сақталған, қыс мезгілімен қоштасуды және көптен күткен көктеммен салтанатты кездесуді бейнелейтін мереке.

Апта бойы комбинаттың барлық бөлімшелері мен цехтарының асханаларында мерекеге арналып дастархандар жайылды. Дастарханның басты мәзірі күн мен көктемнің символы құймақ болды. Апта бойы түскі үзіліс кезінде әріптестердің әңгіме-дүкен құрып, дәмді құймақтың дәмін татып, мерекелік көңіл-күймен шәй ішіп отыруына мүмкіндік жасалды. Кәсіпорын қызметкерлері үшін Құймақ мерекесін «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» жергілікті кәсіподағы ҚБ ұйымдастырды.

Проводили зиму



Масленица - это праздник, сохранившийся с древних времен, олицетворяющий прощание с зимой и торжественную встречу долгожданной весны. В этом году она началась 20 февраля и продлилась всю неделю.

На комбинате празднование Масленицы также стало доброй традицией. В разные годы организаторы – локальный профсоюз энергопредприятия, устраивали настоящие торжества с играми, песнями и плясками. Главными угощениями, конечно же, были блины – символ солнца и скорой весны.

На протяжении всей масленичной недели во всех столовых комбината было предложено угощение блинами. Каждый желающий мог отведать вкусных блинчиков, пообщаться с коллегами за чаепитием.